

Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 9 тамыз N 985. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

"Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 8 мамырдағы N 2983 U962983_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі - Ұлттық комиссия) туралы Ереже бекітілсін.

2. Ұлттық комиссия төрағадан, төрт мүшеден, орталық аппараттан және оның облыстық аумақтық басқармаларынан тұратын болып белгіленсін.

Ұлттық комиссияның төрағасы материалдық тұрмыстық қамтамасыз етудің, оған көліктік және медициналық қызмет көрсетудің шарттары Қазақстан Республикасы министрдің дәрежесінде, ал Ұлттық комиссияның мүшелеріне - министрдің орынбасарының дәрежесінде белгіленеді.

3. Облыстарда 1-қосымшаға сәйкес Ұлттық комиссияның аумақтық басқармалары құрылсын.

4. <*>

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің штаттық саны 21 адам бухгалтерлік есеп пен есептеменің методологиясы, оны ұйымдастыру және бақылау департаменті таратылсын және облыстар мен Алматы қаласы бойынша қаржы басқармаларындағы бухгалтерлік есеп пен есептемені ұйымдастыру және бақылау жөніндегі желімдердің қызметкерлерінің саны 170 адамға қысқартылсын.

6. <*>

7. Ұлттық комиссияның орталық аппараты мен оның аумақтық басқармаларын ұстауға арналған шығындарды қаржыландыру орталық және жергілікті атқарушы органдарды ұстауға арналып республикалық бюджетте көзделген қаражаттардың есебінен жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

8. <*>

ЕСКЕРТУ. 4,6,8-тармақтарының күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.12.27.

N 1662 қаулысымен. P961662_

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1996 жылы Ұлттық комиссияның орталық аппараты мен аумақтық басқармаларын ұстауға қажетті қаражаттар мен еңбекке ақы төлеу қорын бөлсін.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бұдан былай Ұлттық комиссияға қажетті жабдықтар мен мүкәммалдар, ұйымдық және көбейткіш техникалар, автомашиналар сатып алуға, үй-жайларды күрделі жөндеуге, сондай-ақ бухгалтерлік есепті дамыту шаралары мен бағдарламаларына арнап қаражат қарастыратын болсын.

11. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Ұлттық комиссияның орталық аппаратына және аумақтық басқармаларына қызмет үйлерін берсін.

12. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіпте Ұлттық комиссияның орталық аппаратын берілген тапсырыстар мен қажетті есептеулер бойынша керекті телефон, телефакс, факсимильдік, компьютерлік және арнаулы, оның ішінде халықаралық байланыспен қамтамасыз етсін.

13. Бухгалтерлік есеп стандарттарын қараудың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында министрліктер мен ведомстволардың, ұйымдардың мамандарынан, ғалымдардан бухгалтерлік есеп жөнінде сарапшы кеңесі құрылсын.

Ұлттық комиссияның төрағасы бір ай мерзім ішінде бухгалтерлік есеп жөніндегі сарапшы кеңестің құрамы мен ол туралы ереженің жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынсын.

14. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 P951894_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) 1-қосымшаның 2-бағанының 18-жолындағы "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ұлттық комиссиясымен бірлесіп 1996 жылғы 1 қарашаға дейінгі мерзімде бухгалтерлік есеп мәселелерін реттейтін қолданылып жүрген заң актілеріне тиісті өзгертулер енгізу туралы ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 9 тамыздағы
N 985 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп
жөніндегі ұлттық комиссиясын туралы
ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы (Бұдан әрі - Ұлттық комиссия) Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру жүйесін реттеп, есеп жүргізудің негізгі қағидаттары мен жалпы ережелерін, ішкі бақылау мен сыртқы аудит талаптарын белгілейтін, Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылады.

2. Ұлттық комиссия өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін өкілеттіктер мен жауапкершіліктердің бәрін толықтай иеленетін төрағадан, комиссия мүшелерінен, сондай-ақ орталық аппараттан және оның аумақтық басқармаларынан тұрады.

Ұлттық комиссияның төрағасы мен мүшелері бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру жүйесін реттеу саласында шешімдер қабылдау, сондай-ақ ішкі бақылау мен сыртқы аудит жөніндегі талаптар бойынша бірдей мәртебе мен тең құқықтарды иеленеді.

3. Ұлттық комиссияның төрағасын Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Ұлттық комиссияның мүшелерін Ұлттық комиссия төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

4. Ұлттық комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламенті мен Үкіметінің нормативтік құқықтық және өзге де актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Ұлттық комиссияның негізгі міндеттері:
республикада бухгалтерлік есепті дамыту және оны бухгалтерлік есептің

халықаралық жүйесімен кіріктіру;

бухгалтерлік есеп пен аудиттің, қаржылық есеп берудің әдістемесін айқындау және оны экономиканың барлық салалары үшін үйлестіріп отыру;

зерттеулер жүргізу, экономиканың барлық салаларындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың бухгалтерлік есебінің жай-күйін талдау және оны үйлестіру;

бухгалтерлік ақпараттың мәні мен мақсаттарын түсінуді жетілдіру;

бухгалтерлік есеп пен аудит мәселелері жөніндегі нормативтік актілердің дұрыс қаралуын және қабылдануын қамтамасыз ету;

бухгалтерлік есеп жөніндегі заңдар мен нормативтік актілердің сақталуына бақылауды қамтамасыз ету;

аудиторлық қызметті лицензиялау;

республикадағы кәсіпқой бухгалтерлерді сертификаттау (аттестациялау) болып табылады.

6. Ұлттық комиссия өзіне жүктелген міндеттер мен өкілеттіктерге сәйкес:

Қазақстан Республикасы экономикасының барлық салаларына арналған бухгалтерлік есептің әдістемесін әзірлейді;

бухгалтерлік есеп стандарттарын, қаржы-шаруашылық қызметтің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарын, қаржылық есеп берудің қалыптарын бекітеді, өзгертеді және алып тастайды;

өзіне жүктелген өкілеттіктер шегінде қаулылар, соның ішінде нормативтік құқықтық сипаттағы қаулылар шығарады;

кәсіпқой бухгалтер сертификатын береді;

бухгалтерлердің кәсіби қызметінің жаңа түрлерін, сондай-ақ осындай қызметтің ережелері мен стандарттарын айқындайды;

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен келісе отырып бухгалтердің кәсіптік қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеп, бекітеді;

мемлекеттік тағы басқа органдардан талдау және зерттеу жүргізуге қажетті ақпараттар алады;

өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсініктер береді;

белгіленген тәртіпке баспасөз басылымдарын, ғылыми-зерттеу орталықтары мен басқа да мекемелерді құрады;

республикалық, халықаралық кәсіпорындардан, ұйымдардан көмек ретінде өтеусіз алынған қаражаттар есебінен ұлттық комиссияның жанынан бухгалтерлерді оқытып, кейіннен оларды сертификаттауды жүзеге асыратын оқу орталығын құрады;

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінен белгіленген тәртіпте мерзімді және бір жолғы ақпараттар алып отырады;

бухгалтерлік есеп мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін ведомстволық актілердің күшін тоқтату немесе олардың күшін жою туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

жекелеген жағдайларда бухгалтерлік есеп стандарттарын, бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарын жасау жөніндегі өкілеттіктерді мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға беруге құқылы;

Ұлттық комиссияның аумақтық басқармаларын құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелерін белгіленген тәртіппен шешеді;

Қазақстан Республикасының заңдарындағы өзіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

7. Ұлттық комиссияның мәжілістері қажетіне қарай, бірақ кем дегенде айына бір рет өткізіліп тұрады.

8. Ұлттық комиссияның мәжілістерін Ұлттық комиссияның төрағасы өткізеді. Ұлттық комиссия өз мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқанда қаулы қабылдауға қақылы. Ұлттық комиссияның қаулысы қатысушы мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

9. Ұлттық комиссияның төрағасы:

Ұлттық комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның мүшелері арасындағы міндеттерді бөледі;

Үкіметпен, республиканың министрліктерімен, мемлекеттік комитеттермен, орталық атқарушы органдармен, халықаралық және өзге де ұйымдармен қарым-қатынастарда Ұлттық комиссияны танытады;

бухгалтерлік есеп мәселелері бойынша халықаралық дәрежеде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді, бухгалтерлік есеп пен аудит бойынша конференциялар ұйымдастырады және оларға қатысады;

Ұлттық комиссияның мемлекеттік органдармен барлық меншік нысанындағы ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

Ұлттық комиссияның бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі нормативтік актілерді, анықтамалық-әдістемелік және ақпараттық материалдарды бастыруына басшылық жасайды;

бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру жөніндегі заңдар мен нормативтік актілердің енгізілуі мен сақталуына бақылау ұйымдастырады;

көмек көрсету және кеңестер беру үшін білікті сарапшыларды контрактілік негізде тартады;

аудиторлық қызметті лицензиялауға басшылық жасайды;

орталық аппараттың, оның аумақтық басқармаларының қызметін басқарады, орталық аппаратқа жүктелген өкілеттіктердің орындалуына дербес жауап береді,

лауазымды адамдардың жауапкершілік дәрежесін, құқықтары мен міндеттерін айқындайды және олардың орындалуына бақылау ұйымдастырады;

Ұлттық комиссия орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері, оның аумақтық басқармалары туралы ережелерді бекітеді;

белгіленген адам саны мен еңбекақы төлеу қоры шегінде орталық аппараттың және аумақтық басқармалардың штат кестелерін бекітеді;

өз құзыреті шегінде орталық аппараттың және оның аумақтық басқармаларының қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, қызмет бабында ауыстыру және жұмыстан босату мәселелерін жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және еңбек заңдарында көзделген жазаларды белгілейді;

орталық аппарат пен аумақтық басқармалар қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер шығарады, сондай-ақ нұсқаулар береді.

10. Ұлттық комиссияның орталық аппараты:

Ұлттық комиссияның қызметін қамтамасыз етеді;

бухгалтерлік есеп стандарттарын, қаржы-шаруашылық қызмет

бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарын, қаржылық есеп беру қалыптарын, нұсқаулықтар мен олардың түсініктемелерін әзірлеп, енгізеді;

Ұлттық комиссияның құзыретіне жататын мәселелер бойынша заңдар мен өзге де нормативтік актілердің жобаларына сараптау жүргізеді;

республикадағы бухгалтерлік есептің жай-күйіне және оның келешекте дамуына талдау жасайды;

заңдарда өзіне жүктелген басқа да міндеттерді атқарады.

11. Ұлттық комиссияның қызметі республикалық бюджеттің қаражаттары.

<*>

ЕСКЕРТУ. 11-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.04.08. N 505 қаулысымен.

P970505_

12. Ұлттық комиссия заңды тұлға болып табылады, оның банкте ағымдағы, есеп айырысу және өзге де шоттары мен қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі болады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1996 жылғы 9 тамыздағы

№ 985 қаулысына

1 қосымша

Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп
жөніндегі ұлттық комиссиясы аумақтық басқармаларының
ТІЗБЕСІ

Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Алматы басқармасы	Алматы қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Ақмола басқармасы	Ақмола қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Ақтөбе басқармасы	Ақтөбе қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Атырау басқармасы	Атырау қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Шығыс Қазақстан басқармасы	Өскемен қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Жамбыл басқармасы	Жамбыл қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Жезқазған басқармасы	Жезқазған қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Орал басқармасы	Орал қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Батыс Қазақстан басқармасы	Қарағанды қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Қарағанды басқармасы	Қарағанды қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Қызылорда басқармасы	Қызылорда қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Көкшетау басқармасы	Көкшетау қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Қостанай басқармасы	Қостанай қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Ақтау басқармасы	Ақтау қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Маңғыстау басқармасы	Маңғыстау қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Павлодар басқармасы	Павлодар қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Солтүстік Қазақстан басқармасы	Петропавл қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының Семей басқармасы	Семей қаласы

ұлттық комиссиясының Семей басқармасы	қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі	Талдықорған
ұлттық комиссиясының Талдықорған басқармасы	қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі	Арқалық
ұлттық комиссиясының Торғай басқармасы	қаласы
Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі	Шымкент
ұлттық комиссиясының Оңтүстік Қазақстан басқармасы	қаласы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 9 тамыздағы
N 985 қаулысына
2 қосымша

Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп
жөніндегі ұлттық комиссиясының
ҚҰРЫЛЫМЫ

Төраға
Комиссия мүшелері
Бухгалтерлік есептің тұжырымдамасы мен жалпы стандарттары
басқармасы
Бухгалтерлік есептің мамандандырылған стандарттары
басқармасы
Құқықтық және талдау жұмысы басқармасы
Қаржы-есеп бөлімі
Кадр және арнаулы жұмыс бөлімі
Әкімшілік-шаруашылық бөлімі